

Құнанбаева М.Н.,
Сүлейменов П.М.,
Токсанбаева Н.К.,
Жубаназарова Н.С.

**Қазақ жеріндегі исламға
дейінгі діни наным-сенім-
дердің қалыптасуының тарихи-
психологиялық ерекшеліктері**

Kunanbaeva M.N.,
Syleimenov P.M.,
Toksanbaeva N.K.,
Zhubanazarova N.S.

**Historical and psychological
characteristics of the formation
of the pre-Islamic religious
beliefs in the land of the Kazakhs**

Құнанбаева М.Н.,
Сүлейменов П.М.,
Токсанбаева Н.К.,
Жубаназарова Н.С.

**Историко-психологические
особенности формирования
доисламских религиозных
верований на земле казахов**

Мақалада біздің заманымыздан бұрынғы кезеңнен бастап қазіргі кезеңге дейінгі Қазақстан халықтарының діни сенімдерінің қалыптасуын психологиялық тұрғыда түсіндіре отырып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айқындау, Исламға дейінгі діндер мен ислам дінінің Қазақстан жеріне таралуын және оның тарихын, психологиялық діни, адамгершілік, содан барып иманды санасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін жан-жақты терең зерттеуді қажет етеді. Діни сана қоғамдық сананың бір бөлшегін құрайды және оның бастамасы тұлғааралық қарым-қатынастан басталуы туралы пікір айтылады. Дүниетаным мен сенім тұлғаның ішкі рухани өмірінің негізін құрайды және адамның сыртқы мінез-құлқынан айқындалады. Сондай-ақ, адамның тұлғалық дамуы мен бағыттылығын айқындайтын сенім болады. Қазақ халқының Тәңірге, Ұмайға сенімі, ата-бабаның аруақтарына сыйыну, шаман дінінде бақсылық түрлер және ислам дінінің кең тарауы қазақ халқының мәдениетінің, діни дүниетанымының және психологиялық ерекшеліктерін білдіреді. Мақалада адам іс-әрекетіне талдау жасауды адамның сенімінен бастау қажет екені айтылады. Сол ежелден келе жатқан наным-сенімдер осы күнде дейін сақталып, әлі де әсерін жоғалтпағанның арқасында қазақ халқы өз этностық өзгешелігін жоғалтпаған. Сондықтан, ежелден келе жатқан халықтардың наным-сенімдері этникалық өзгешелігін айқындайтын негізгі ерекшелігі ретінде қарастыру керек.

Түйін сөздер: Алла, құдай, Тәңірі, Ұмай, шамандық, ата-баба аруағына сыйыну, караханидтер, ислам.

However, faith defines personal development and orientation of the personality of an individual. This article describes the cultural, theological and psychological characteristics Tengrianism, shamanism as the Bucks, the worship of ancestral spirits and the spread of the Islamic religion as a manifestation of ethnic characteristics. The article says that the study of people's spiritual activity should begin with a study of its beliefs. Because of these beliefs, surviving and providing large impact, the Kazakh people do not lose their ethnic identity. Accordingly, the beliefs of the peoples must be seen as a major factor ethnodifferentiating.

Also remains to be seen the level of influence of these beliefs and religion to the Kazakh people. Kazakhs like other peoples who converted to Islam, still maintain a close relationship with the same beliefs. Kazakh people managed to keep to the present day beliefs that existed on its territory since ancient times.

Key words: Alla, God, Tengri, Umai, shamanism, the worship of ancestral spirits, Karakhanids Islam.

В статье описываются начиная с древнейших времен старинные верования, формирование которых объясняется с психологической позиции. Обрисовываются их схожести и различия. Чтобы понять историю и распространение исламской религии в Казахстане, психологию религии, необходимо всесторонне и глубоко изучить особенности формирования нравственного и морального сознания. В статье высказывается точка зрения, согласно которой религиозное сознание является частью общественного сознания, источником которого являются межличностные отношения. Мировоззрение и верования являются основой духовной внутриличностной жизни, которые находят проявление в поведении человека.

Вместе с тем вера определяет личностное развитие и направленность личности отдельного индивида. В статье описываются культурологические, религиоведческие и психологические особенности тенгрианства, шаманизма в виде баксы, поклонение духам предков и распространение исламской религии как проявление этнических особенностей. В статье говорится о том, что изучение духовной деятельности народа необходимо начинать с исследования его верований. Благодаря этим верованиям, сохранившимся до наших дней и оказывающим большое влияние, казахский народ не теряет свою этническую самобытность. Исходя из этого, верования народов необходимо рассматривать как главный этнодифференцирующий фактор.

Ключевые слова: Алла, Бог, Тэнгри, Умай, шаманизм, поклонение духам предков, караханиды, ислам.

**ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ
ИСЛАМҒА
ДЕЙІНГІ ДІНИ
НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
ТАРИХИ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақ халқы Орта Азия елдерінде мекендеген түркі тайпаларының тікелей ұрпағы болып табылады. Ал қазақ халқына дейін Қазақстан территориясында (Орта Азияда) көптеген тайпалар, мемлекеттер өмір сүрді. Қазақстан жерінен табылған ежелгі адамдардың сүйектері бұл жерде осыған дейін 3 мың жыл бұрын да тіршіліктің болғанына дәлел. Сол кезден бастап Қазақ жерінде көптеген діни наным-сенімдер болды. Олардың ішінде тәңіршілдік, шамандық, ата-баба рухына сену, христиандық және ислам т.б.

Қазақ даласына ислам діні, арабтардың орта Азияны бағындыруы нәтижесінде тарала бастады. Ал осы кезде қазақ жеріндегі тайпалардың бұрыннан ұстанған діндері, ислам дініне көнуге қиындық әкелді. Өзіне көптеген артықшылық беретін ислам дінін мойындаған үстем тап феодалдарға қарағанда қара халық бұл дінді бірден қабылдауға қарсы болды. Олар өздері сенетін ата-баба аруағы мен шамандық өздерін аман сақтауға, мал басын көбейтіп соны аман алып қалуға көмектесетіндігіне сенді. Діни сенімдегі адамның сенген тылсым күші шындықтың өзі емес, тұрмыстың адам тәуелді болып отырған жақтарының оның санасында бұрмаланған бейнесіне ғана емес, бүкіл дүниеге жүргізеді деп түсінеді [1].

Біздің заманымыздан бұрынғы кезеңнен бастап қазіргі кезеңге дейінгі Қазақстан халықтарының діни сенімдерін түсіндіре отырып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айқындау, Исламға дейінгі діндер мен ислам дінінің Қазақстан жеріне таралуын және оның тарихын, діни санасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін терең, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Осы діндер мен сенімдердің қазақ халқына ықпал ету деңгейі мен дәрежесін анықтауымыз керек. Ислам дінін қабылдаған басқа елдер сияқты қазақтар да исламға дейін болған діндермен және наным-сенімдермен байланысын үзбеген.

Біз исламға дейін болған тәңіршілдік діні туралы білеміз. Ғалымдар оны философиялық жүйе ретінде қарастырады. Ол өзінің жоғарғы құдайы бар саяси дін, ал «Құдай» (Тәңірі) исламның келуімен қазақтарда Алла (Құдай) сөзімен синонимдес болып табылады. Алғашында қазақ тайпалары нәресте және ана қамқоршысы – Ұмай анаға сенген, аруақтарға сену қазақтарда исламға дейін болды. Құдай ана Ұмайды көптеген ғалымдар

ежелгі үнділік Умамен салыстырады. Ұмай терминінің өзі «жатыр», «бала орны» дегенді көрсетеді. Ұмай рөлі ең алдымен адам баласының тууы соған тәуелді болуымен сипатталады. Баланың дүниеге келуінде Ұмайдың маңыздылығы сонша, мысалы, армян авторы Каганкатвацци албан епископы Израелдің хазарларды шоқындыруын суреттей келе, Ұмайды Афродитамен салыстырады. Жамбыл облысындағы Билікөлден тас тұғыр табылған, ол Тәңір мен Ұмай жұбына табынған түркілер бейнеленген Құдырғын тастарына ұқсас. Бұл уақыттарда патшайымдарды Ұмаймен салыстыру кең тараған: Умай тегогим (Менің патшайым анам Ұмай тәріздес). Бұл оның барлық тіршілік иесі ретіндегі маңызының артқандығын көрсетеді. Көріп отырғандай, Ұмай ежелгі қазақтардың нанымдарында үлкен рөл атқарды [2].

Исламға дейінгі діндердің өкілі ретінде қазақтар арасында Қорқыт ата өте танымал. Оның мифологиялық характеріне көп жыл өмір сүргендігі негіз болады. Аңыз бойынша, Қорқыт қазақтарда шамандықпен байланысты, ол шамандардың пірі болып есептеледі. Шамандық – бұл қазақтарда исламға дейінгі болған діндердің арасындағы ең көрнекті жайт болып табылады. Шамандық – әртүрлі халықтардағы анимистикалық сенімдері мен культтерінің кең жүйесі. Сол тайпалық қоғамда кезінде бақсылық көрінісі болған. Осы көне сенім бойынша бақсылар тылсым әлеммен байланысты болатын тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік, сиқыршылық сияқты жәй адамның қолынан келмейтін ерекше әрекеттерге баратын адам. Бақсылық әсері көк тәңірге табыну, ата-баба аруағын қастерлеп, болашақты болжау, ауруды жын-перілердің жәрдемімен айықтыру, т.б. байланысты қалыптасқан. Бақсы сарынын орындаушы әрі ақын, әрі биші, әрі сазгер. Ол аруақтармен өлең-жыр арқылы тілдесіп, іс-әрекетін би қимылдары арқылы жүзеге асырған. Бақсы сарыны халық поэзиясына тән 7 – 8 буындық жыр немесе 11 буындық қара өлең өлшемінде құрылып, арнайы музыкалық сарынмен орындалған. Ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдалана алуы, «жын-рухтарының» атымен атап, қажетті кезде оларды әйел, шал, қыз, т.б. бейнелерде көріп, сол шақырған жындарының «көмегімен» суггестиялық әдістермен ем жүргізе алатын. Қай жаққа қолын сілтесе, сол жақта 5 – 10 қадам жерде тұрған заттар қылышпен шапқандай кесіліп кете береді (киіз үйдің туырлығы тілініп, заттардың қақ айырылған кездері болатын). Ол үшін жақсы істерді басқаратындарын аруақ, періште, перизат, т.б. десе,

жамандық істерді басқаратындары пері, шайтан, жын, албасты, жезтырнақ, т.б. дейді. Басқа түркі тілдес елдерде шамандарда бір ерекше күйге ену арқылы о дүниемен қатынас жасайды деген. Осы наным-сенім туралы алғашқыда Ш. Уалиханов жазып кеткен, содан бақсы сарыны ұлттық музыка мәдениетінің тарихи негіздері ретінде, стильдік ерекшеліктерін зерттеу аса қажетті, маңызды мұра болып табылады деп қарастырған әдебиетші-ғалымдар Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов және т.б. Өнер саласындағы А. Затаевич, Б. Ерзакович, Б. Қарақұлов, Т. Бекхожиналар бірқатар үлгілерін жазып алып, нотаға түсірген.

Бақсы адам балгерлікпен де аттары шығатын. Келешекті болжап, адамдардың тағдырын шешетін, алдына келген адамның күйін, ойын және өткен өмірі мен алда не болатынын да сезіп тұратын. Олар табиғи құбылыстарға да әсер ете алатын (судың ағымын өзгерте алатын, жаңбыр шақырып, жел тудыратын). Әрине медицина, психология және басқа ғылым салаларының адам табиғатына қатысты ашпаған жұмбақтары әлі толып жатыр.

V ғасырдағы ғұн патшасы Еділдің айналысында көптеген даңқты бақсылар болған. Олар әрбір күрделі оқиғаларды күні бұрын болжап, патшаға жеткізіп отырады екен. 451 жылғы Каталаун шайқасының тағдырын бақсылар құмалақ ашып, бірнеше күн бұрын айтып берген. Шамандық қасиет қонардың алдында ол адам қатты жүйке ауруына шалдығады, кәрі шаман бұл науқастың деңгейін байқап, ол бақсы болады ма, жоқ па, соны жариялайды. Л.Я. Штернберг: «Шамандық қасиетті адам таңдап алмайды, қайта бұл қасиетті ауыр жүк, қашсаң құтыла алмайтын тағдырдың жазмышы ретінде қабылдайды. Шамандық қасиет даму үшін ерекше қабілет қажет» [3]. Шамандық жеке адамдардың рухтарымен байланысына сену болып табылады. Рухтардың көмегімен шамандар адамдарды емдеп, бал ашып, жоғалған заттар мен малды табатындығына сенген. Сонымен қатар шамандарға табиғат құбылысын қадағалау мүмкіншілігі бар екендігі және ғажайып нәрселер жасай білу қабілеттілігі болғаны айтылады. Исламның қазақ жеріне таралғанынан кейін шамандық бұл жерде басым рөлге ие болды. Көбінесе еркектер шаман болған, алайда кейде әйел-шаманның да болғаны туралы мәліметтер бар. Шамандардың басты құралы ішекті аспап – қобыз болды. Кейбір шамандар өз қобыздарын басқа адамдарға тиіскізбейді. XIX ғ. ортасынан қобыз домбырамен орын ауыстырылды, сосын асатаяқ болды.

Ал XIX ғ. II-ші жартысында қамшы мен пышақ сияқты құралдар да қолданылды. Шамандардың негізгі міндеті рухтармен араласу еді. Олар рухтарды шақырғаннан кейін оны қуу үшін пышақпен қорқытып, ауру адамды қамшымен ұрады (жындарды қуу үшін). Олар халыққа, шынымен рухтармен байланысып отырғанын көрсету үшін әртүрлі қылықтар жасайды, Соның ішінде кең тарағаны денесіне өткір пышақ тығу. Қазақ шамандығының бір басты ерекшелігі – исламен байланысты болуы. Ата-баба аруағына сену қазақтардың сенімдерінде басты орында болды. Өзінің өмірінің қиын кездерінде қазақтар өз ата-бабаларының атын атайды, солар үшін құрбан шалады, олардың моласына барып құран оқып, құлшылық етеді. Екі ру арасындағы дауды шешу, соғыстарда жеңу қазақтарда ата-баба аруағы үшін құрбан шалумен байланысты болды. Олар зираттарға үлкен құрметпен қарады. Қазақтарда кешке жолға шыққан адам, түнде мола жанында өткізсе, оған ешкім тиіспейді деген сенім болған. Егер адам аруақтардан бір арманының орындалуын сұраса, сол орындалады дегенге сенген. Олар аруақтардың қаһарынан қатты қорқан. Ұлы адамдардың аруақтарын өте қатты бағалаған. Олардың есімі өте ауыр жағдайларда аталатын болды. Қазақтардың сенімі бойынша бір адамды қолдайтын ата аруағы, рухы жануарлар арқылы көрінген. Мысалы, Абылай хан кезіндегі Жидебай батырдың алдында қызыл түлкі жүргені туралы айтылады. Ол оның аруағы еді. Осы сенімге байланысты қазақтар өлген адамның киімін жыртып, таратып берген. Бұл тірілер мен өлілер арасын жалғастырушы мата деп сенген. Кейіннен киімінің орнына мата жыртылып (жыртыс) берілетін болды. Ол бойынша адамдар өлген адамның қасиеті тірі адамдарға берілетініне сенген. Қазақтарда ислам, исламға дейінгі діндер негізінде өзінше бір сипатқа ие болды. XIX ғ. Қазақстанда исламның әсері біршама өсті. Ш. Уәлиханов «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде шамандық XIX ғ. бірінші жартысында қазақтарда ислам мен ежелгі көзқарастарының араласуына негіз болғандығы туралы жазады.

Қазақ даласында ислам діні арабтардың Орта Азияны бағындыруы нәтижесінде ене бастады. Негізі ислам дінін Қазақ даласына күштеп енгізген жоқ. Ислам діні қазақ тайпаларын рухани және саяси жағынан мығым ұстай алатын дін болды. Алайда шаман дініне, ата-бабаға аруағына кәміл сенетін халық ислам қағидаларына мән бермеді. В.В. Бартольд «XIII ғасырда мұсылман Хорезм билеушілері Сырдария және Талас бо-

йындағы мұсылман емес халықтарға соғыс ашуына тура келді» [4] деп жазуына қарағанда сол кезде қазақтар ислам дінін қабылдамаған. Рузбихан, керек десеніз, «XIV ғ. өзіне де қазақтар пұтқа табынушы еді» дейді. Арабтар қанша насихат жүргізсе де, халық ата-баба аруағына, тәңірге, жұлдыз-айға ұзақ уақыт сыйынды. Ата-баба аруағына сиыну, жақсылық әкеледі деп, мал басының көп және аман болуына көмектеседі деп, аруақтарды разы етуге тырысты. «Аруақ аттаған оңбас» деп аруақты ұмытпады [5]. Уақыт өте келе, қазақ тайпаларына да ислам дінінің шарифатын қабылдауға тура келді. Алайда, екі сала да көпке дейін қатар жүреді. Қазақ билерінің өздері әлеуметтік мәселелерді ата-баба заңына байланысты шешті. Ал өз кезегінде дін таратушылар қазақ тайпаларының тілдері мен әдет-ғұрптарымен санасты. Олар барлығын исламға қарсы келмейтіндей етіп бірте-бірте кіргізуге тырысты.

Түрік қағанаты кезеңінен басталған әлеуметтік теңсіздік Қараханидтердің келуімен одан әрі тереңдей түсті. Халықтың көпшілік бөлігінің жағдайы, әсіресе шаруалардың жағдайы адам төзгісіз ауыр болады. Экономикалық қанау езілгендерді қанаушыларға қарсы күресуге мәжбүр етті. Орта ғасыр идеологияның жаңа формасын – дін мен теологияны білгендіктен, халықтық күрес те діни формада, нақты суфизм формасында болады. Оның үстіне ислам Қазақстанға енген шақта терең тоқырауға ұшыраған кезең еді. Азаматтың және діни басшылары арасында өтіп тұратын көптеген қақтығыстар өз билігін жүргізу саласы үшін ашық күреске ұласты. Мысалы, өзінің құдайшылығына қарамастан Талиаг хан Ыбырайым имамды жазалады, бірақ біраз уақыттан соң ислам жеңіп, Қараханид әулетінің бір әкімі өлім жазасына кесілді. Әрине, мұндай жағдайда халықтың көпшілік бөлігі тарапынан исламның қолдау таппауы мүмкін еді. Феодалдарға және мұсылман дінбасыларына қарсы жүрген бұл күрес христиандықтың, буддизмнің, манихейліктің немесе орта ғасырлық Қазақстан территориясында кең тараған жергілікті наным формаларының дайын күпірлік іліміне назар аудармағаны неден деген заңды сұрақ туады. Олай болуы мүмкін емес еді, себебі «ескі стихиялы түрде пайда болған рулық және ұлттық діндердің насихаттық сипаты болған жоқ», [5] оның үстіне, мұсылман идеологиясына қарсы өз дәлелдері арқылы күресу керек болады.

Қараханидтер әулетінің шығу тегі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Бұл үлкен феодалдық мемлекеттің қарамағында Қашқар, Жетісу және Мауреннахр болды. Қараханидтер әулетінің

мемлекет басқаруымен исламның кең таралуы басталады. Қазақстан тарихында ол тұғыш рет ислам діні мемлекеттік дінге айналды. Қараханидтер мұсылман дінінен идеологиялық негізді ғана көрген жоқ, сонымен бірге, қоғамды діни бірлік негізінде тұрақтандыруды. Исламның бұл жағдайдағы қызметі қоғамда әлеуметтік интеграция мен құқықтық тәртіпті сақтауға негіз болды. Қараханидтер қоғамы өзінің әлеуметтік-экономикалық даму жөнімен Араб халифаты қоғамының белгілеріне ұқсас болды. Бұл ұқсастық тарихи дамудың жалпы заңдармен анықталды. «Нақ осы қоғамның тарихи дамуы, деп жазды Т.С. Саидбаев арабтарға тәуелсіз жүрсе де, бірақ оған ұқсас болғандықтан, исламды үстем идеология ретінде қабылдауға алып келді және оның топырағында исламды енгізудің негізгі себебі ретінде қызмет етті» [6]. Ортағасырлық Қазақстанда исламның таралуы мен нығаюы біршама оң рөл атқарды, бірақ бұл құбылыс мұсылман дінінің ішкі мазмұнымен байланысты болған жоқ, ол әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени факторлардың әсерімен байланысты еді. Исламның енуі кезеңінде Қазақстанның материалдық және рухани мәдениетінің даму тарихы билік құрып тұрған мұсылман әлемі мемлекетінің қалыптасу және одан әрі даму тарихы мен тығыз ұштасып кетті. Қазақстанның рухани өмірінің дамуына мұсылман мәдениетінің белгілі бір үлес қосқаны даусыз. Бірақ мұсылман мәдениетінің атқарған рөліне баға берген кезде оны барынша марапаттап, асыра бағалау немесе мүлдем жоққа шығару орынсыз болар еді. Исламның енуі кезеңіндегі Қазақстанның рухани өмірінің даму тарихын түсіну үшін оны ең алдымен нақты-тарихи жағдайдағы әлеуметтік құбылыс тұрғысынан қарастырған жөн.

Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігін арабтардың жаулап алған соң, бұл аймақта әлеуметтік-экономикалық феодалдық қатынастар дамыды, сондай-ақ материалдық және рухани мәдениет гүлденді. Қараханидтер дәуірі кезінде Орта Азия мен Қазақстанда әртүрлі қолөнер-көзешілік, ұсталық, тоқымашылық дамыды. Қала салу және архитектура өркен жайып, сауда-саттыққа кең жол ашылды. Дер кезінде Ахмет Яссауи ұсынған сопылық идеялар түркі-тектес халықтар арасында тез қолдау тапты, өйткені оны тудырған халықтың рухани сұранысы еді. Аталған наным-сенімдер қазақ халқының жалпы дүниеге көзқарасын білдіреді [7; 152 б.].

Сонымен бірге қалыптасқан діни сана қоғамдық сананың бір бөлігін құрайды. Оның көзқайнары тұлғааралық қарым-қатынастардан

басталуын қазақ даласының мақал-мәтелдерден байқауға болады:

Ұят кімде болса, иман сонда.

Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмасың. [8; 152 б.]

Сол тұлғааралық қарым-қатынастардан басталатын қоғамдық сананың көріністері еш тілде кездейспейтін сеніммен байланысып келетін балама сөздерден де көрінеді: пейіл, ниет, ұяты, ықыласы, иманы.

Өлімнен ұят күшті.

Бетім жаман болса да, ниетім жақсы.

Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман.

Ынсап, ұят, терең ой – асыл зейнет біліп қой [8; 152 б.].

Осы айтылған сөздер ұрпақтан-ұрпаққа және біздің күнімізге дейін жадымызда сақталып келіп, тұлғааралық қарым-қатынасты реттеу механизмдеріне айналған. Иmandылықтың бастамасы болып, ауыз әдебиеттің негізін салып мәдениеттің түп-тамырын құраған. Иmandылық қоғамдық санасында көпшіліктердің қатысын білдіріп отырған, ал қазақ халқы ел пікіріне әр кезде де құлақ салып жүрген. Ұяттық сезім ең алғашқы «ел не айтады» деген ұғымнан басталады.

Тұлғааралық қарым-қатынасты тек екі адамның бір-бірімен сөйлесуі емес, бір көпшілік өкілінің екінші көпшілік өкілімен кездесіп, қарым-қатынас орнатуы деуге болады. Тұлға ол әр кезде адамның әлеуметтік қызметтері мен қоғамдағы орыны бар (лауазымы деуге болады) іс-әрекет иесі екендігін білдіреді. Ол өз тағдырына жауапты да өз өмірінің құрылысшысы. Яғни, адам санасына ұялайтын сенімдердің пайда болуына (Аллаға, өз күшіне, ата-анасына, достарына, мемлекетке, жалпы қоғамға және т.б.) байланысты. Егер адам сенгіш келсе, онда сенімі әлсіз деуге болады. Ол бір ұстаныммен жүре алмайды, құндылықтары да жалған болып шығады. Өзін-өзі алдаумен жүреді. Бұл сенім көп уақытқа шыдамайды. Сенім – ерік-жігермен тығыз байланысты болады. Неғұрлым тұлғалық даму жоғары болса, соншалықты адам сенімінің ерік-жігермен байланысы күшейе береді. Өз сеніміне берік болудың астарында тұлғалық сана-сезімнің жұмысы көрініп тұрады. Ол, әрине, тұлғаның ішкі жұмысы, өзімен-өзі шахмат ойнағандай өз-өзіне сұрақ қойып, өзі жауап береді. Ұлы тұлғалар өзін өзі жеңе білген, өз кемшіліктерін, әлсіздігін, өтірігін аша білген. Сонымен, «...сенім – кісіні ізгілікке ұмтылдырушы, алға сүйреуші, болашаққа бастаушы күш!» дейді жазушы Жолтай Жұмарт [9]. Сенім, психология ғылымында сезімдердің

көрінісі болып есептеледі. Бырақ жан-жақты қарайтын болсақ сенім дегеніміз әрекет те бола алады. Мысалы, «сенім арту», «сенім білдіру» дегеніміз, ол тек адамның күйімен шектелмей, белсенділікті білдіреді. Жалпы қарым-қатынастың нәтижесі ретінде бола алады.

Ал өмірде сенімсіз болудың, сенімін жоғалтудың, сенімсіздікке ұрынудың нәтижесі күдікке, үмітсіздікке, мазасыздануға апарды. Мазасыздану ұзақ мерзімге созылса өте қауіпті күйге айналады. Ең алдымен психология тарапынан мазасыздану ол сезім және кісінің бойынан табылатын, қалыптасып кететін мінез бітімі деп түсінеміз. Мазасызданудың арты депрессияға соғып, адамды өмірден түңілтіп жібереді.

Сенім дегеніміз, адам баласын жануардан айырмашылығын көрсететін сезімдердің түріне жатады. Тек адамда болатын: ұят, күнә, сүйіспеншілік, отансүйгіштік. Адамды адам қылатын осы

сезімдер болады. «Адамдық қалыптың баға жетпес алтын қазығы – сенім...» [9]. Сенімсіздікке бой алдырмау үшін, сенім тек бір нәрсеге тіреліп тұрмау керек. Адам сеніме қазық болатын негізгі құндылықтары көп болса, соншалықты ол жан-жақты дами береді. Мысалы, өз халқының болашағына сену, өз жарына, бауырына, туысына сену, өз күшіне, өз қабілеттеріне сену. Діни сенімге келетін болсақ, көптеген діни ағымдар мен ұйымдардың адам санасын билегісі келгенде, өз таңдауымен, өз ойымен түсініп алатын, санасы жететін, өз еркімен қабылдайтын діни көзқарасы қалыптасады. Мысалы, Ислам діні дүние жүзінде қаншама тосқауыл болса да, басқа діндер арасында кең тарап келеді. Себебі адамдардың көкейінен шығып, рухани ізденістеріне жауабын беретін, имандылық құндылықтарына сай, күштемей өзіне тарта білетін, бір Аллаға сенуді, адамгершілікке әкелетін дін.

Әдебиеттер

- 1 Сарсенбаев Н.С. Обычай и традиции в общественной жизни. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – 326 с. – С.41
- 2 Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2002. – 272 б.
- 3 Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – А., 2002. – 8 б.
- 4 Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – А., 2002. – 28 б.
- 5 Аханов Б. Дін және еркін ойшылдық. – Алматы, 1993. – 31 б.
- 6 Бартольд В.В. Сочинение. т.2., ч2. – 68 б.
- 7 Маркс К., Энгельс Ф. Шығармалар. 21-том, – 294 б.
- 8 Саидбаев Т.С. Ислам и общество, – М., 1978. – 21 б.
- 9 Жолтай Жұмат. «Сенім мен сезім» // Егеменді Қазақстан, 14 қаңтар, 2015, – 11 б.

References

- 1 Sarsenbaev N.S. Obychai i tradicii v obshhestvennoj zhizni. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1965. – 326 s. – S.41
- 2 Kazaktyn makal-matelderі. – Almaty: «Koshpendiler» baspasy, 2002. – 272 b.
- 3 Orynbekov M.S. Kazak senimderinin bastaulary. – A., 2002. – 8 b.
- 4 Orynbekov M.S. Kazak senimderinin bastaulary. – A., 2002. – 28 b.
- 5 Ahanov B. Din zhane erkin ojshyldyk. – Almaty, 1993. – 31 b.
- 6 Bartol'd V.V. Sochinenie. t.2., ch2. – 68 b.
- 7 Marks K., Jengel's F. Shygarmalar. 21-tom, – 294 b.
- 8 Saidbaev T.S. Islam i obshhestvo, – M., 1978. – 21 b.
- 9 Zholtaj Zhumat. «Senim men sezim» // Egemendi Kazakstan, 14 kantar, 2015, – 11 b.